











20

«ЖАСЫЛ ДАМУ» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

24

www.recycle.kz @zhasyl_damu ao.zhasyl.damu

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі



«Жасыл даму» АҚ Директорлар Кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар вице-министрі
Н. Шарбиев

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Директорлар кеңесі мен Акционердің атынан сіздерге сәлем жолдап, «Жасыл даму» акционерлік қоғамның 2024 жылға арналған жылдық есебін назарларыңызға ұсынамын.

Өтіп бара жатқан жыл «Жасыл даму» АҚ үшін елдегі экологиялық ахуалды жақсартуға, қалдықтарды басқару жүйесін дамытуға бағытталған міндеттерді іске асыру жолындағы маңызды кезең болды.

Басым бағыттардың бірі – өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру. 2024 жылы EcoQolday бағдарламасы қайта жаңғыртылып, онда 56 компания жұмыс істей бастады.

2024 жылы Қазақстан Халық банкімен кәдеге жарату төлемдерін төлеу бойынша интеграция жүзеге асырылды, бұл төлем рәсімдерін айтарлықтай жеңілдетті. Біз қалған банктердің де осы үлгіні ұстанғанын қалаймыз.

Акционер мен Жасыл дамудың кәсіби командасының бірлескен күш-жігерімен Қазақстан Республикасының өңірлерінде қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша өндірістерді салу және жаңғырту бойынша үш жылдық бағдарлама басталды.

Есептік жыл қорытындысы бойынша «Жасыл даму» компаниясының қаржылық көрсеткіштері тұрақты өсімді көрсетіп отыр:

— Қоғамның таза пайдасы 37,5 млрд теңгені құрады;

— Мемлекеттік бюджетке 41 млрд теңге салық төленді, сондай-ақ 26,2 млрд теңге көлемінде дивидендтер аударылды.

Барлық қызметкерлерге, серіктестерге, салалық өкілдер мен мемлекеттік органдарға ортақ іске қосқан үлесі үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Басқарма Төрағасының үндеуі



«Жасыл даму» АҚ
Басқарма төрағасы
Е. Сәрсенбай

Құрметті серіктестер, әріптестер!

2024 жыл «Жасыл даму» АҚ үшін экологиялық трансформация саласындағы, тұрақты даму құралдарын дамытудағы және қалдықтарды басқару тетіктерін жетілдірудегі біздің позицияларымызды жүйелі түрде нығайту жылы болды.

Біз Қазақстан Республикасының Париж келісімі және Киото хаттамасы шеңберіндегі халықаралық міндеттемелерін орындауға бағытталған ауқымды жобаларды іске асыруды жалғастырдық. «Жасыл даму» АҚ ашықтық бойынша екі жылдық есепті дайындап, ұсынды, нәтижесінде Қазақстан әлемдік сарапшылар тарапынан климаттық есептілікті сапалы әзірлеуде көшбасшылардың бірі ретінде танылды.

2024 жылы EcoQolday бағдарламасын қайта жаңғыртуға ерекше назар аударғым келеді. Осы бағдарламаға қатысқан компанияларға алғысымды білдіремін.

Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылым нысандарын салу мен жаңғырту жобаларын іріктеу жүргізілді. Бұл жобалар кәдеге жарату төлемдері есебінен бірлесіп қаржыландырылатын болады.

2024 жылы Инвестициялық штаб 56 жобаны мақұлдады және бұл тізім үнемі толықтырылуда.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру аясында 2024 жылы «Көлсай көлдері» және «Шарын» ұлттық парктерінде іс-шаралар өткізілді. 2025 жылы біз осындай іс-шараларды 7 мемлекеттік ұлттық табиғи паркте өткізуді жоспарлап отырмыз.

Қаржылық және операциялық нәтижелер тұрақты дамуды көрсетуде, бұл туралы толығырақ осы жылдық есепте баяндалған.

Мен «Жасыл даму» АҚ ұжымына, серіктестерімізге, мемлекеттік органдарға, бизнес пен қоғам өкілдеріне қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіремін.

Қоғам туралы


Меншікті (акционерлік) капитал

2023 жылғы 6 қаңтарда ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің № 9 бұйрығымен **акционерлік капиталды 130 560 мың теңгеге ұлғайту жарияланды**. Осы бұйрық аясында Қоғам акцияларын төлеу есебіне «ӨКМ операторы» ЖШС қатысу үлесінің 100 пайызы берілді. 2024 жылы өзгеріссіз

Акциялар саны

2022 жылғы 15 желтоқсанда ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қоғамның 1 000 000 қарапайым акция көлеміндегі жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүргізді, әр акцияның номиналды құны 1 000 теңге (тіркеу куәлігі №0000408 С сериясы, ISIN коды – KZT1C00006980)

Қоғамның жалғыз акционері ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі атынан **мемлекет болып табылады**



Миссиясы, пайымы және стратегиялық бағыттары

Қоғамның 2023-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы Директорлар кеңесінің 24.11.2024 жылғы шешімімен бекітілді



01 МИССИЯ

Қалдықтарды, оның ішінде айналмалы экономиканы дамытуға байланысты кешенді басқару жүйесін дамыту бойынша жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыруға жәрдемдесу

02 ПАЙЫМ

Қоршаған ортаны сақтайтын өндіру, бөлу және тұтыну тәсілдеріне жедел көшуді қамтамасыз ететін қоғамға ашық ұйым

03 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

- ӨКМ қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарын басқару жүйесін жетілдіру
- Қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру
- Қоғамның операциялық қызметін жетілдіру

2024 жылы КҚ және АШТ кәдеге жарату төлемдері енгізілген, бірлік

Ел аумағында өндірілген және импортталған КҚ және АШТ бойынша кәдеге жарату төлемін енгізу туралы **328 978 сертификат берілді**



2024 жылы барлық өтінімдер app.recycle.kz ақпараттық жүйесінде берілді

ҚР ЭТРМ-нің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 689 бұйрығымен ҚР аумағында өндірілетін және (немесе) ҚР аумағына жеке және заңды тұлғалар әкелетін өнімнің (тауардың) жекелеген түрлерінің тізбесі бекітілді, олар бойынша осындай өнім (тауар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді

Санаты	Өндірушілер	Импорттаушылар	Барлығы
M1	123 903	149 245	273 148
M1G	1 633	11 644	13 277
M2	803	290	1 093
M2G	85	50	135
M3	2 504	953	3 457
M3G	79	4	83
N1	3 489	3 582	7 071
N1G	1 418	3 523	4 941
N2	600	1 311	1 911
N2G	11	62	73
N3	534	10 934	11 468
N3G	1 031	2 074	3 105
КОМБАЙН	1 248	92	1 340
ТРАКТОР	6 861	1 015	7 876

2024 жылы кәдеге жарату төлемі енгізілген өнім



2024 жылы 313 322 позиция көлемінде, жалпы салмағы шамамен 449 мың тоннаны құрайтын, ӨКМ қолданылатын өнімдер (тауарлар) үшін кәдеге жарату төлемін енгізу туралы **29 794 сертификат берілді**

Тауарлар топтары	Салмағы, тонна
Электр аккумуляторлар және оларға арналған сепараторларды қоса алғанда	13 074
Қолдан жасалған, жылтырлатылмаған, хат жазу, баспа немесе басқа да графикалық мақсаттарда пайдаланатын қағаз және картон	86
Иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, құрамында жарнама материалы бар немесе жоқ газеттер, журналдар мен өзге де мерзімді басылымдар	7
Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар	114 670
Ірі габаритті электр және электрондық жабдық	7 274
Электрлік қыздыру немесе газразрядтышамдар, герметикалық бағытталған жарықшамдарын қосқанда, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызылшамдар; құрамында сынап бар доғалықшамдар	24
Мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқасы)	189 995
Полимер, шыны, қағаз, картон, металл орамалар, құрамдастырылған материалдардан жасалған орама	103 915
Пластмассадан жасалған асхана және ас үй ыдыстары, асхана және ас үй жарақтары, үй тұрмысына қажетті және гигиеналық немесе дәретханаға арналған басқа да заттар	1 362
Өзге де химия өнімдері	2 791
Шағын ақпараттық электр және электрондық жабдықтар	248
Ұсақ габаритті электр және электрондық жабдықтар	4 542
Экрандармен және мониторлармен жабдықталған электрлік және электрондық жабдықтар	1 729
Жылу тасығыштары бар электр және электрондық жабдық	9 031
Барлығы	**448 748**

ҚР-да парниктік газдар шығарындыларын сату жүйесі

Қазақстан Республикасы Париж келісіміне 2016 жылғы 2 тамызда қол қойды және оны сол жылдың 4 қарашасында ратификациялады.
Париж келісімінің барлық тараптарының парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша өз міндеттемелері бар.
Қазақстан 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқарту бойынша өзіне амбициялық шартсыз мақсат қойды



Парниктік газдарды ұлттық түгендеу деректері **бойынша 1990 - 2022 жылдары шығарындылар 8,49% -ға азайды**
(жерді пайдалану, жерді пайдаланудың өзгеруі және орман шаруашылығы секторын есептемегенде 1990 жылмен салыстырғанда 10,67% -ды құрады)

2024 жылы ҚР-да парниктік газдар шығарындыларымен сауда жасау жүйесін қолдау бойынша келесі іс-шаралар орындалды:

- БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын іске асыру мәселелері бойынша уәкілетті органға техникалық және консультациялық қолдау көрсетілді
- көміртегі квотасы бірліктерін алу мақсатында 2023 жылы көміртегі квотасы бірліктерін алу бойынша есептеулер және квоталанатын қондырғылар өнімін өндіру көлемдеріне талдау жүргізілді
- 2022-2025 жылдарға арналған Ұлттық жоспар шеңберінде 2023 жылға арналған квоталарды бөлу бойынша талдау дайындалды Қосымша квоталар туралы деректер Қоғамның ресми сайтында орналастырылған
- 038 "Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту" бюджеттік бағдарламасын, 100 "БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы мен Киото хаттамасының ережелерін орындау бойынша қызметтер" кіші бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілді

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің негізгі функциялары айналымға енгізілген, сақтауда тұрған, берілген, сатып алынған, резервтелген, оқшауланған, жойылған, айналымнан алынған көміртегі бірліктерінің дәл есебін, сондай-ақ басқа да ұлттық тізілімдермен деректер алмасуды қамтамасыз ету болып табылады



2024 жылы өтеуге берілген көміртегі квоталарының жалпы саны - 152 684 050 бірлік

Бір көміртегі бірлігі CO2 баламасының 1 тоннасына тең


2024 жыл ішінде Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу бойынша мынадай операциялар жасалды:

- Қондырғы операторларының шоттарына көміртегі квоталарының қосымша көлемдері есептелді: 65 қондырғы операторына
- жаңа операторларға шоттар ашылды, көміртегі квоталарын бастапқы есептеу жүргізілді
- 2023 жылға квоталау субъектілері көміртегі квоталарын (көміртегі бірліктерін) өтеді. Есепті кезеңде Тізілімде көміртегі бірліктерін оларды квоталау субъектісінің тиісті шотынан есептен шығару және Тізілімдегі квоталарды өтеу шотына есептеу жолымен айналымнан алу бойынша операциялар жүргізілді. Бұл операциялар қосымша көміртегі квотасын алуды, өз қондырғылары арасында көміртегі квоталарын қайта бөлуді және қайталама көміртегі нарығында көміртегі квоталарын сатып алуды ескере отырып жүзеге асырылды
- сауда қорытындылары бойынша қондырғы операторларының шоттары арасында көміртегі бірліктерін аудару жүргізілді: 43 мәміле жасалды
- қондырғылар арасында көміртегі бірліктерін тасымалдау жүзеге асырылды
- 126 қондырғы операторынан көміртегі квоталарын алып тастау бойынша рәсімдер орындалды
- Мемлекеттік тізілімді пайдаланушыларға консультациялық қолдау жүзеге асырылды

Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару

037 «Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 103 «Табиғи және техногендік ластануларды жою» кіші бағдарламасы бойынша иесіз қауіпті қалдықтарды (химиялық қалдықтарды, материалдарды, реагенттерді, шикізатты) кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты іске асыру шеңберінде:

- 992 тонна иесіз қауіпті қалдықтарды (оның ішінде ластанған) кәдеге жарату және (немесе) жою жүргізілді
- зертханалық зерттеулер және жалпы салмағы 10,89 тонна қауіпті қалдықтардың 13 түрінің, олардың бағалау құнын көрсете отырып, қоршаған ортаға әсері айқындалды



Операциялық және қаржылық көрсеткіштер


2024 жылдың қорытындысы бойынша:

Таза пайда 37,5 млрд теңгеден астам болды

67,2 млрд теңге республикалық бюджетке аударылды, оның ішінде:


- КТС 41 млрд теңгеден астам
- дивидендтер 26,2 млрд теңгеден астам

Активтер мен Міндеттемелердің өзгеру динамикасы, млн теңге



Қоғамның шоғырландырылған активтерінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 22,7% -ға ұлғайып, 374 994 млн теңгеге жетті

Меншікті капиталдың өзгеру динамикасы, млн теңге



Шоғырландырылған міндеттемелер 2023 жылмен салыстырғанда 93% -ға ұлғайып, 41 944 млн теңгені құрады

Бұл өсім активтер мен міндеттемелерді тиімді басқарудың, сондай-ақ 2022 жылдан кейін қаржылық тұрақтылықты қалпына келтірудің арқасында мүмкін болды, ол кезде теріс меншікті капитал "ӨКМ Операторы" ЖШС-нің берілген міндеттемелерінің оның активтерінен уақытша асып кетуіне байланысты болды

Негізгі маңызды оқиғалар мен жетістіктер



Қазақстан BTR бойынша әлемдік сарапшылар тарапынан әлем чемпионы деп танылды

Ақпан

EcoQolday бағдарламасын жаңарту.
Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін ұялы телефондарға арналған қосымша әзірленді

Сәуір

Тарихи қалдықтарды басқару жөніндегі қызметтің арнайы құқығының тізіліміне енгізу
2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті шығару

Шілде

«ӨДҚ» АҚ-на 120,5 млрд теңге сомасына қарыз беру
Кадеге жарату төлемдері есебінен орман шаруашылығы мекемелері мен табиғатты қорғау ұйымдары үшін орман өрттерінің алдын алу және сөндіру, республикалық маңызы бар жолдарды күтіп ұстау, жолаушылар тасымалын жүзеге асыру мақсатында арнайы техника сатып алынды

Қыркүйек

«ЭЗС операторы» ЖШС-і «ӨКМ операторы» ЖШС-не қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды

Қараша

БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясына (РКИК) қатысушы тараптардың 29-конференциясында Транспаренттік бойынша екі жылдық есеп (BTR1) ұсынылды

Желтоқсан

SertSoft сынақ орталығы «EcoQolday.kz» және «App.recycle» ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сәтті сынақтар жүргізді

Болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар



- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысы шеңберінде жобаларды қаржыландыру
- 1990-2023 жылдарға арналған Ұлттық баяндаманың, көміртегі бюджетінің және 2026-2030 жылдарға арналған көміртегі квоталарының ұлттық жоспарының жобаларын дайындау
- Көміртегі квоталарының аукционын енгізуге дайындық, Дүниежүзілік банктің Project Management Institute жобасын іске асыруға техникалық сараптамалық көмек көрсету
- Парниктік газдарды ұлттық түгендеу бойынша халықаралық шолуды (ревью) жүргізу, парниктік газдарды сіңіру әлеуетін бағалау бойынша мониторинг желісін іске қосу
- Conference of the Parties 30 конференциясына қатысу
- “Тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы бойынша міндеттемелерді орындаудың ұлттық жоспарын шолу және жаңарту” жобасы аясында Стокгольм конвенциясының аймақтық орталығы “RECETOX” - пен келісімді орындау
- 7 мемлекеттік ұлттық табиғи паркте экологиялық мәдениетті дамыту жобасын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру

Арнайы техниканы сатып алу бойынша қайтарымды қаржыландыру *

117 млрд теңге









Қарыздың мақсаты	ҚР ТЖМ және ҚР СРИМ техникалық базасын жаңарту үшін арнайы техниканы сатып алу	Автобус паркін жаңарту үшін автобустар лизингі	Орман мекемелері үшін орман өрттерінің пайда болуын ескерту және оларды сөндіру үшін өрт сөндіру техникасын сатып алу	Республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау үшін арнайы техниканы сатып алу
Қарыз сомасы	50 млрд теңге	15 млрд теңге	35 млрд теңге	17 млрд теңге
Қарыз шарттары	Мерзімі – 15 жыл Жылдық мөлшерлеме – 0,1%	Мерзімі – 30 жыл Жылдық мөлшерлеме – 0,01%	Мерзімі – 7 жыл Жылдық мөлшерлеме – 0,1%	Мерзімі – 7 жыл Жылдық мөлшерлеме – 0,1%

*ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысына 7.03.2024 ж. енгізілген өзгерістер шеңберінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 117 млрд теңге толық көлемде «ӨДҚ» АҚ-на аударылды

Қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі жобаларды қайтарымды қаржыландыру *

5,8
млрд
теңге


Қарыздың мақсаты	Қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі жобаларды қаржыландыру
Жобалардың құны	5,8 млрд теңге
Қарыз шарттары	Мерзімі – 15 жыл Жылдық мөлшерлеме – 0,1%
Несиелендіру/лизинг шарттары	Мерзімі – 3 жылдан 15 жылға дейін Жылдық мөлшерлемесі – 3,0% Бастапқы жарна – кемінде 20% (оның ішінде 10% – ақшалай қаражат түрінде)
Күтілетін нәтиже	Мыналар бойынша қуаттылықты арттыру: Қалдықтарды сұрыптау Қалдықтарды қайта өңдеу Кәдеге жарату



*ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысына 7.03.2024 ж. енгізілген өзгерістер шеңберінде
2024-2026 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы 185 млрд теңгені құрайды, оның ішінде: «Жасыл даму» АҚ — 3,54 млрд теңге, инвесторлар — 2,43 млрд теңге

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қоғамның тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол стратегиялық, басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде маңызды рөл атқарады



Тәуекелдердің пайда болу факторларына байланысты Қоғамда тәуекелдер келесі санаттар бойынша жіктеледі, оның ішінде:

стратегиялық

– Қоғамның даму стратегиясын айқындау және іске асыру кезіндегі өзгерістер немесе қателіктер (кемшіліктер), саяси ортаның өзгеруі, аймақтық конъюнктура, салалық құлдырау және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы факторлар салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелдері

экологиялық

– Қоғамның негізгі мақсаттарының орындалмау ықтималдығы, қолайсыз өзгерістер салдарынан табыстың жоғалуы немесе шығындардың пайда болуы

қаржылық

– Қоғамның капиталының құрылымына, Қоғамның қаржылық жағдайына, валюта бағамдарының және пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуына байланысты тәуекелдер және т.б.

операциялық

– ішкі процестерді жүзеге асыру барысында қызметкерлер тарапынан (кадрлар тәуекелдерін қоса алғанда) жіберілген кемшіліктер немесе қателіктер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың (технологиялық тәуекелдер) жұмыс істеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелдері

құқықтық

– Қоғамның немесе контрагенттің ҚР заңнамасының талаптарын, ал ҚР резиденті емес тараппен қарым-қатынаста оның шығу елінің заңнамасын, сондай-ақ жасалған шарттардың шарттарын сақтамауы салдарынан табыстың жоғалуы немесе шығындардың, сот талаптарының пайда болу ықтималдығы

Директорлар кеңесі

Қоғамның Директорлар кеңесі **14 күндізгі және 4 сырттай отырыс өткізді**, онда **111 мәселе қаралды**



Шарбиев Н.К.
«Жасыл даму» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚР ЭТРМ вице-министрі



Сәрсенбай Е.Н.
«Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасы



Адильбеков Н.А.
ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының орынбасары



Шаекин Р.М.
Тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы



Шильдебаева А.Д.
Тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитетінің төрағасы



Омаров К.Т.
Тәуелсіз директор, Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің төрағасы



Шаймардан С.Е.
Тәуелсіз директор

Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы

ТАӘ	СЖК	АжТБК	КСӘМК
Шаекин Р.М	**Комитет төрағасы**	**Комитет мүшесі**	**Комитет мүшесі**
Шильдебаева А.Д.	**Комитет мүшесі**	**Комитет мүшесі**	**Комитет төрағасы**
Омаров К.Т.	**Комитет мүшесі**	**Комитет төрағасы**	**Комитет мүшесі**
Шаймардан С.Е.	**Комитет мүшесі**	**Комитет мүшесі**	**Комитет мүшесі**

Стратегиялық жоспарлау комитеті – **13 отырыс**
Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті – **11 отырыс**
Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет – **7 отырыс**

Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің құрамындағы өкілеттіктері тоқтатылды:
— 2024 жылғы 27 наурызда Ташенев Бахытбек Хакимұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі (мерзімінен бұрын)
— 2024 жылғы 16 тамызда Мырзахметов Қайрат Жақсықұлұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі (мерзімінен бұрын)

Басқарма

Басқарма “Акционерлік қоғамдар туралы” ҚР Заңымен, ҚР өзге де заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы



СӘРСЕНБАЙ Е.Н.
«Жасыл даму» АҚ
Басқарма төрағасы



КАБДОЛДАНОВ Н.К.
«Жасыл даму» АҚ
Басқарма төрағасының орынбасары



ДОСЫМБЕКОВ Д.К.
«Жасыл даму» АҚ
Басқарма төрағасының орынбасары



ДИКАНБАЕВА М. Ж-К.
«Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары



ЕРНАЗАР Ш.Ж.
«Жасыл даму» АҚ
Басқарма төрағасының орынбасары

2024 жылы Басқарманың **61 отырысы өткізіліп, 315 мәселе қаралды**

HR менеджментінің тиімділігі

Корпоративтік мәдениетті нығайту шеңберінде Қоғам қызметкерлерін материалдық емес көтермелеу бойынша жұмыстар жүргізілді
5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Қоғамның қызметкерлері келесі марапаттарға ие болды:

- «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен (3)
- Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрінің Құрмет грамотасымен (3)
- Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрінің Алғыс хатымен (3)

ЖАСЫЛ ДАМУ

2024 жылы Headhunter платформасын пайдалана отырып, Қоғам қызметкерлерінің қатысу және қанағаттану деңгейін бағалау үшін қорытынды сауалнамалар өткізілді

86% **қатысу деңгейінің индексі**

Нұсқаулыққа №3 Қосымшадағы нәтижелерді түсіндіруге сәйкес, 80-нен 100%-ға дейінгі көрсеткіш қызметкерлердің жоғары деңгейдегі қатысуы болып саналады. Бұл санаттағы қызметкерлер әдетте компанияға деген мықты бейілділікті, мақсаттарға жетуге деген мотивацияны және өз жұмыстарын орындаудан бақытты сезінеді. Олар компания өміріне белсенді қатысады, идеялар ұсынуға дайын және ең жақсы нәтижеге ұмтылады.

81% **қанағаттану деңгейінің индексі**

Нұсқаулыққа №3 Қосымшадағы нәтижелерді түсіндіруге сәйкес, 80-нен 100%-ға дейінгі көрсеткіш қанағаттанудың жоғары деңгейі болып саналады. Қызметкерлер өз жұмысына және олар еңбек ететін жағдайларға толығымен қанағаттанады. Бұл жақсы корпоративтік мәдениетті, ұжымдағы уәждемені және сенім деңгейін айғақтайды.

Қоғамның тұрақты дамуы



Қоғам ұзақ мерзімді перспективадағы тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді

ESG

Қоғам сондай-ақ өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстанатынын мәлімдейді

ЖАСЫЛ ДАМУ

Қоғам өз қызметі шеңберінде тұрақты дамудың келесі қағидаларын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу

E Тұрақты дамудың **экологиялық** құрамының қағидалары

- биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту
- табиғи ресурстарды пайдалануды азайту
- экологиялық таза, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдану
- қалдықтарды азайту, қалдықтарды қайта өңдеу

S Тұрақты дамудың **әлеуметтік** құрамының қағидалары

- жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурс рәсімдерін және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
- қызметкерлердің әділ сыйақы алуын және олардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету
- еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау
- қызметкерлердің жеке және кәсіби дамуын қолдау
- персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру
- экологиялық және ағартушылық акцияларды ұйымдастыру

G Тұрақты дамудың **экономикалық** құрамының қағидалары

- жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету
- бизнес-процестердің тиімділігін арттыру
- қалдықтарды басқару саласындағы және аралас салалардағы неғұрлым жетілдірілген технологияларды дамытуға қаражат бағыттау
- қалдықтарды басқару саласында және аралас салаларда жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

2024 жылы Қоғамда Қоғамның лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар тіркелмеген



Жедел желі:
Телефон: +7 (7172) 62 06 71
Сайт: recycle.kz
e-mail: compliance@recycle.kz

Кешенді мәдениетті жетілдіру стратегиясы шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді:

1. Қоғамның комплаенс қызметі Адами ресурстарды басқару департаментімен бірлесіп Қоғамның іскерлік әдеп кодексін әзірледі. Кодекс Қоғамда қабылданған, оның миссиясы мен құндылықтарына негізделген мінез-құлық нормаларын көрсетеді. Бұл нормалар персонал, серіктестер арасындағы адал және әділ қарым-қатынастарды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ҚР заңнамасын және Қоғамның ішкі ережелерін сақтауға бағытталған

2. Тоқсан сайын корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу бойынша, қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бойынша, алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және бастамашылық ақпараттандыру бойынша оқыту өткізу

3. Комплаенс саласындағы қолданыстағы ішкі нормативтік актілер туралы хабардарлық пен білімді арттыру үшін қызметкерлерді тестілеумен бірге ішкі порталда оқыту материалдарын әзірлеу және орналастыру

4. 2024 жыл ішінде Комплаенс қызметі уақтылы әрекет ету және талаптарды сақтау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамадағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізді

Ішкі аудит қызметі



Қоғамның Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) миссиясы тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы Қоғамның құнын сақтау және арттыру болып табылады

ЖАСЫЛ ДАМУ

1. Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне тікелей бағынатын және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп беретін Қоғам органы болып табылады

2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғам Жарғысының нормаларына, ІАҚ туралы ережеге және Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі ережеге сәйкес ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде жаһандық Ішкі аудит институты ұсынған Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін басшылыққа алады

3. Ішкі аудитті жоспарлау және аудиторлық тапсырмалардың басымдығы тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Қоғамның ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес орындалды. Жүргізілген ІАҚ аудитінің нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар әзірленді, аудит объектілері анықталған бұзушылықтарды жою бойынша түзету/ескерту іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі

4. ІАҚ ішкі аудит, сыртқы аудит және сыртқы бақылаушы органдар нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуына тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізеді. Ішкі аудит нәтижелері және ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесі қарайтын және бекітетін тоқсан сайынғы және жылдық есептерде көрсетіледі. Есептілікті Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті алдын ала қарайды

Аудитордың қорытындысы

«SFAI Kazakhstan» ЖШС тәуелсіз аудиторының 2024 жылғы 7 наурыздағы аудиторлық қорытындысы Қоғамның 2024 жылғы қаржылық есептілігінде көрсетілген



2024 жылға арналған қаржылық есептіліктің толық нұсқасымен Қоғамның recycle.kz веб-сайтында танысуға болады



SFAI GLOBAL | KAZAKHSTAN

SFAI Kazakhstan LLP
www.sfai.kz

13 Al-Farabi Ave., block IV, office 505
Almaty, 050000
Kazakhstan
Email:info@sfai.kz
Tel.: +7 (727) 327 68 06
+7 (775) 549 86 03

ТОО "SFAI Kazakhstan"
www.sfai.kz

пр. Аль-Фараби 13, блок 1В, офис 505
г. Алматы, 050000
Республика Казахстан
Email:info@sfai.kz
Тел: +7 (727) 327 68 06
+7 (775) 549 86 03

Аудиторский отчет независимого аудитора

Акционеру и Руководству АО «Жасыл даму»

Мнение

Мы провели аудит прилагаемой консолидированной финансовой отчетности АО «Жасыл даму» и его дочерних организаций - (далее – «Группа»), состоящей из консолидированного отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2024 года, консолидированного отчета о прибыли или убытке и прочем совокупном доходе, консолидированного отчета об изменениях в капитале и консолидированного отчета о движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, а также примечаний, состоящих из основных положений учетной политики и прочих пояснительных примечаний.



SFAI GLOBAL | KAZAKHSTAN

Мы осуществляем информационное взаимодействие с лицами, отвечающими за корпоративное управление, доводя до их сведения, помимо прочего, информацию о запланированном объеме и сроках аудита, а также о существенных замечаниях по результатам аудита, в том числе о значительных недостатках системы внутреннего контроля, которые мы выявляем в процессе аудита.

Куанышбеков Олжас
Генеральный директор
ТОО «SFAI Kazakhstan»
Государственная лицензия на занятие аудиторской деятельностью № 24020399, выданная Министерством финансов Республики Казахстан «03» июня 2024 года

Куанышбеков Олжас
Аудитор
Квалификационное свидетельство аудитора № МФ0000516 от «12» января 2018 года

Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби 13, БЦ «Нурлы-тау», блок 1В, офис 505, г. Алматы, Республика Казахстан

«07» марта 2025 года
г. Алматы, Республика Казахстан

Глоссарий



BTR – Biennial Transparency report
АжТБК – Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет
АШТ – Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы
«Жасыл даму» АҚ/Жасыл даму/Қоғам – «Жасыл даму» акционерлік қоғамы
бірлік – бірлік
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
КСӘМК – Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет
КҚ – Көлік құралдары
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР СРИМ – Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі
ҚР ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ҚР ЭК – Қазақстан Республикасының Экология кодексі
ҚР ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
млрд, млн, мың – миллиард, миллион, мың
МҰТП – Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі
ӨКМ Операторы – Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы
ӨКЖ – Өндірушінің (импорттаушының) кеңейтілген жауапкершілігі
СЖК – Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет
Тізілім – Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі
ТҚҚ – Тұрмыстық қатты қалдықтар
ІАҚ – Ішкі аудит қызметі